



АСТАНА

АҚШАМЫ

Әміренің Париждегі әні



«ЭКСПО» көрмесіне қатысқан тұңғыш қазақ, 1925 жылы паң Парижді салған әнімен тамсантқан Әміре Қашаубаевтың өмірі мен шығармашылығын жарты ғасырға жуық уақыт зерттеп келе жатқан зерделі музыка зерттеушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жарқын Шәкәрімнің әнші туралы кезекті еңбегі жарық көрді.

Бұған дейін «Әміре», «Ән жұлдызы», «Амре Қашаубаев: жизнь в искусстве», «Ән асқары – Әміре», «Әміре Қашаубайұлы» атты кітаптарды шығарған автордың «Амре в Париже» атты орыс тіліндегі жаңа еңбегінің таныстырылымы Астанадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында өтті. Аталмыш шара биыл елордада өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесі мен асқақ әншінің 130 жылдығына арналды. Әміреге қатысты тағы бір ақжолтай жаңалықты жеткізейік. Былтыр Әміре тұлғасы театр сахнасына көшіріліп, Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында әнші туралы драма қойылған болатын. Қазақстан мен АҚШ бірігіп, қазір Әміре жөнінде көркем фильмді түсіріп жатыр. Түсірілім жұмыстары аяқталып қалды. Бұйырса, «ЭКСПО» көрмесі кезінде бұл кинотуынды қалың көрерменге жетеді. Мұны таныстырылымға қатысқан ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы сүйіншіледі. Министр Әміренің Парижде жеңіп алған күміс медалін де жиналғандарға көрсетіп, елді елең еткізді. «Мұны ҚР Ұлттық музейіне апарып қойсақ, дұрыс болады. Әміре Франция астанасында ғана емес, Германияда да өнер көрсеткен. Әйгілі қазақ әншісінің тұлғасын ашуға қатысты жасалатын әлі де қаншама жұмыс бар. Оның қай елдердегі, қандай концерттерге қатысқанын дүние жүзіне паш етуіміз керек» деді А.Мұхамедиұлы.

Кезінде фонографқа жазылған Әміренің салған әндерін Мәскеуден тауып, елімізге жеткізген де Жарқын Шәкәрім болатын. Мұны еске алған мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков музыка зерттеушісінің бұл үлкен еңбегін атап өтіп, оның тұлғалық сипатына, өнердің арғыбергі тарихына, қазіргі көрінісіне тоқталды.

Қоғам қайраткері, телевизия ардагері Сұлтан Оразалы Әміренің дауысы жазылған таспа елге жеткенде бұл қуанышты таратуға дәнекер болды. «Бас редактордың қызметін атқарып, телевизияда жұмыста отырғанмын. Бір күні апақ-сапақта Жарқын Шәкәрім мен Рымғали Нұрғали «сүйінші» деп кабинетіме кіріп келді. Сөйтсем, Жарқынның Мәскеуден келген беті екен. Ол ұшақтан түсе салып, Рымғалиға барған. Рымғали қол-аяғын жерге тигізбей маған алып келді. Жарқынның қолында магнитофон бар. Мәскеудегілер таспаны бермегеннен кейін Әміренің дауысын осы магнитофонға жазып алыпты. Сол кезде «Әміренің дауысы табылды» деп жалғанға жар салып, қолма-қол бұл керемет жаңалықты таратып жібердік» деді С.Оразалы. Әміренің ән өнеріндегі ізін лайықты жалғаған Қазақстанның халық әртісі, профессор Қайрат Байбосынов Жарқын Шәкәрім Әміренің өмірі мен шығармашылығына өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап үңілгенін айтып, сол жылдарға сапар шекті.



«Менің ұлағатты ұстазым, қазақ әншілерінің ұстазы Жүсіпбек Елебеков Әміренің кім екенін, қандай әнші болғанын, дауысы 12 шақырымға жететінін, түн ішінде жылқышылар шауып келіп, әнін тыңдайтынын, Әміренің үйінде жатып, шәкірт болып ән үйренгенін айтып отыратын. Әміреден ұстазым ән үйренсе, мен Әміренің – немересі, Бекболат Тілеухан – шөбересі сияқты» деді Қ.Байбосынов.

Қайрат ағамыз айтпақшы, Әміренің сол «шөбересі», ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеухан да таныстырылымға қатысты. «Жаңа осы жерде Әміре Парижде жеңіп алған күміс медаль көрсетілді. Ал ол медальді тағы кім алған? Ақын Владимир Маяковский, режиссер Сергей Эйзенштейн, суретші Петр Кончаловский және қазақтан Әміре алды. Жалпы, отбасы, ошақ қасында «Белес, белес, белес пе, Белес жақын емес пе?...» деген сияқты жай ән айту бар және «Базарың құтты болсын, ардақты елім» деп биік шырқалатыны сынды кәсіби ән өнері бар. Бұл – екінің бірінің қолынан келмейтін өлең. Мұны әнші боп туған адам ғана орындай алады. Осы кәсіби өнерді Еуропа сахнасына апарған Әміреге Ромен Роллан, Анатолий Луначарский, басқалар таңғалып, тәнті болғанына сенем. Себебі Әміре қазақтың қанына біткен ұлттық музыканың қуаты мен интеллектісін паш етті» деді Б.Тілеухан.

Әміре туралы көркем фильмде кадрдың сыртында Сержан Мұсайын ән салады. Өнертанушы Ерлан Төлеутай кинода ән шырқауға ұсынған бұл тамаша әншінің шынында да дауысы Әміренікіне келеді екен. Таныс-

тырылымда бұл әнші кезінде Әміре салған «Балқадіша» мен «Жалғыз арша» әндерімен жиналғандардың құлақ құрышын қандырды. Айтпақшы, «Амре в Париже» кітабына қол жеткізген адамдар оның ішіне салынған күйтабақтан Әміренің өз дауысымен шырқаған әндерді тыңдай алады.

1975 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрі Жексенбек Еркімбековтің тікелей қолдауымен Әміренің фонографқа жазылған жеті әні күйтабаққа аударылып шығарылды. Өлкей Марғұланның, Серке Қожамқұловтың, Сапарғали Бегалиннің, Жүсіпбек Елебековтің естеліктері жинақталған күйтабақтағы автор сөзін Әнуарбек Байжанбаев оқыды. Күйтабақтың авторы Жарқын Шәкәрім соның сақталып қалған бір данасын Арыстанбек Мұхамедиұлына тапсырды. Бұл күйтабақ күміс медальмен бірге ҚР Ұлттық музейіне қойылатын болды.



P.S. Әміре «ЭКСПО» көрмесіне қатысқан тұңғыш қазақ екені дау тудырмайды. Алайда бұдан кейін де көрмеге қазақ өнерпаздары барғаны анық. Мәселен, осыдан тура жарты ғасыр бұрын Канада елінің Монреаль қаласында өткен «ЭКСПО-1967» көрмесіне биыл туғанына 90 жыл толатын күйші Мағауия Хамзин мен әнші Ермек Серкебаев қатысты деген дерек бар. Осы жағына назар аударып, зерттей түссек, халықаралық көрмеде қазақ атын асқақтатқан тұлғаларымызды әспеттеп, дәріптей білсек, артық емес.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ